

**Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей – интернатындағы
психологиялық қызмет жұмысының І тоқсандық есебі**

2025-2026 оқу жылы

Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей – интернатында педагог – психолог-1 /К.К.Жантикенова/, психология мамандығы бойынша еңбек өтілі - 20 жыл, педагог – сарапшы.

Білім беру ұйымының атауы	барлығы	Психолог саны	Оның ішінде		Санат бойынша			педагог
			Магистр	жоғары	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	
Педагог-психолог								
ДЖААОМБИЛ И	Психолог	1	0	1	0	1	0	0

Психологиялық жұмысты есепке алудың электронды журналы негізінде 251 білім алушы тіркелді.

«Тәуекел топ» білім алушылар

Аудан	Контингент саны	Білім беру ұйымдарындағы қызметкерлер саны (Педагог саны)	Мобильді топ бойынша (Тәуекелтобы; мобильдібақылау, мобильдіқолдаудағы) білімалушы			
			Әлеум. санаты	Тәртібі мен мінез-құлықерекшелігі	Психологиялық диагностика қорытындысы б/ша (буллинг сауалнамасы)	Медициналық диагнозы бойынша
ДЖААОБИЛИ	251	39	0	0	0	2

**Білім беру ұйымының педагог-психологы жаңа оқу жылының басынан бері
диагностика -4 , түзету дамыту - 3, профилактика- 9, кеңес беру - 50 жұмыстары жүргізді.**

**Психологиялық қызмет бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстардың
электронды журналдағы көрсеткіші**

Психологиялық диагностика	Түзету – дамыту жұмысы	Профилактика және ағарту жұмысы	Кеңес беру
4	3	9	39-5-6

Психологиялық қызмет бағыттары бойынша анықтамалық есеп

№	Класс \литер	Психодиагностикалық бағыт	Қатысқан оқушы саны	Ескеру
1	7 «А,Ә» класс	«Темперамент» тесті	Оқушылар -50 • 7 «А» класс-25 • 7 «Ә» класс-25	2025 жылдың қыркүйек айының 18 күні 7 «А,Ә» оқушыларына темпераментті анықтау мақсатында «Темперамент» тесті жүргізілді. Нәтижесінде 7"А"класта: «сангвиник» типіндегі оқушы-60%, «холерик» типіндегі оқушы-0% «флегматик» типіндегі оқушы - 36%, «меланхолик» типіндегі оқушы-4% екені анықталды. 7"Ә"класта «сангвиник» типіндегі оқушы-40%, «холерик» типіндегі оқушы-24% «флегматик» типіндегі оқушы-28%, «меланхолик» типіндегі оқушы-8% екені анықталды. Темперамент ерекшеліктеріне сәйкес оқушыларға кеңестер, ұсыныстар берілді.
2	7 «А,Ә» класс	«Социометрия» әдістемесі	Оқушылар -50 • 7 «А» класс-25 • 7 «Ә» класс-25	2025 жылдың қыркүйек айында класс ұжымы ішіндегі әлеуметтік статусты анықтау, сондай – ақ лидерлікке бейімділік қабілеттерін анықтау мақсатында «Социометрия» әдісі өткізіліп, қорытындыланды. Нәтижесін ескере отырып, оқушылардың өз әрекеттері мен мінез – құлқына баға беріп, тиімді қарым – қатынас жасау жолдарын меңгеруіне түзету – дамыту жұмысы өтілді.
3	7 «А,Ә» класс	«Таным процестері»	Оқушылар -50 • 7 «А» класс-25 • 7 «Ә» класс-25	2025 жылдың қыркүйек айының 16-20 аралығында «Таным процестерін зерттеу» аясында 7 "А,Ә" класс оқушыларына естің түрлерін зерттеу әдістемесі өткізілді. Зерттеу нәтижесінде жалпы класс оқушыларының дыбыстық есте сақтауы мен көріп есте сақтауы, дауыстап айтылып, бәрін бірге қайталауға бағытталған моторлы–дыбыстық және құрастырылған есте сақтауы жақсы екенін көруге болады. 7"А,Ә" класс бойынша зерттеу нәтижесіндеестің түрлерінің деңгейлерін дамыту үшін дамыту – түзету жұмыстары өтілді.

9	7-11 класс	Дэн Олвейстің «Буллинг» сауалнамасы	7-11 класс оқушыларынан қатысқандар саны-251	2025 жылдың қыркүйек айында Дэн Олвейстің «Буллинг» сауалнамасы 7-11 класс оқушыларына жүргізілді. Сауалнама сұрақтары негізінде лицей – интернат оқушылары «Буллинг» туралы хабардар екенін және «Буллинг» адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу, оның ақшасын, не басқа заттарын тартып алу, оларды бұлдіру, ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою, қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту екенін сауалнамада толық белгілеп көрсетті. Сонымен қатар, кибербуллинг туралы да білімдері бар екені де нақтыланды. Қажет кезінде ата – анадан, құқық қорғау мамандарынан, психолог, ұстаздарынан, достарынан көмек алатындығын жеткізді. Сауалнама соңында қосымша оқушыларға буллинг, кибербуллинг туралы ақпарат беріліп өтілді.
Түзету - дамыту жұмыстары бойынша мәлімет				
№	Класс \литер	Түзету - дамыту жұмыстары	Қатысқан оқушы саны	Ескеру
1	7 "А,Ә" класс	«Hello, жаңа әлем!»! тақырыбында «Мен және ұжым» тренинг сабағы	Оқушылар -50 7 «А» класс-25 7 «Ә» класс-25	2024 жылдың қыркүйек айының 9-10 жұлдызында 7"А,Ә" класс оқушыларымен "Мен және ұжым!" тақырыбында психологиялық тренинг өтті. Мақсаты: оқушылардың жаңа ортаға бейімделуіне мүмкіндік беру, өзіндік жеке тұлғалық ерекшеліктері мен бойларындағы жақсы қасиеттерді тану, достық қарым-қатынасты нығайту. Тренинг аясында оқушыларда бірлесіп жұмыс жасау, жақсы қарым-қатынас пен көңіл-күй, өз бойларындағы тұлғалық қасиеттерді танып, өзара достық ниет пен жағымды атмосфера қалыптасты.
2	7 "А,Ә" класс	«Менің еліктеу идеалым!» психологиялық дамыту сабағы	Оқушылар -50 8«А» класс-25 8 «Ә» класс-25	2025 жылдың қазан айында 8 «А», «Ә» класс оқушыларына таным үрдістерін жетілдіруге бағытталған «Менің еліктеу идеалым!» психологиялық дамыту сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты: Еліктеуге арналған модельдер біздің ойларымыз бен эмоцияларымызға әсер етеді, еліктеу үшін модельдер маңызды. Олар біздің өмірімізге үлкен әсер етеді. Дұрыс таңдау жасап, жағымды қасиеттері бар адамның әсерін сіңіру маңыздылығын ұғындыру.
6	8 класс	«Эмоционалды интеллект»	Оқушылар 50 8«А» класс-25 8 «Ә» класс-25	2025 жылдың қазан айының 10 жұлдызында оқушыларға «Эмоционалды интеллект» тақырыбында воркшоп өтті. Мақсаты: Оқушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту жолдарымен таныстыра отырып, өмірдегі маңыздылығын ұғындыру. Бойындағы мықты жақтары мен әлсіз тұстарын біліп, дамыту.
Профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары бойынша мәлімет				
1	7 -9 класс ата-аналарымен	«ЖАСӨСПІРІМДІ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ҚОРҒАУДЫҢ НЕГІЗІ - СЕНІМ МЕН ЖЕКЕ ШЕКАРАҒА ҚҰРМЕТ» тақырыбында тренинг сабағы	7,8,9 класс ата-аналарына	Ағымдағы оқу жылының қыркүйек айының 27 жұлдызында 7,8,9 класс ата-аналарына «ЖАСӨСПІРІМДІ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ҚОРҒАУДЫҢ НЕГІЗІ - СЕНІМ МЕН ЖЕКЕ ШЕКАРАҒА ҚҰРМЕТ» тақырыбында тренинг сабағы өтті. Мақсаты: жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қорғау үшін жағдай жасау: қорғану ережелерін және отбасылық сенім және жеке кеңістікті қабылдау шарттарын қалыптастыру.
2	10,11класс ата-аналарымен	«Жеке шекара және қолдау: жасөспірімге қиындықтарды жеңуде қалай көмектесуге болады» тақырыбында тренинг сабағы	10,11 класс ата-аналарымен	Лицейдің 10–11 сынып ата-аналарына арналған 27.09.2025ж. ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес «Жеке шекара және қолдау: жасөспірімге қиындықтарды жеңуде қалай көмектесуге болады» тақырыбында тренинг сабағы өткізілді. Мақсаты: Сабақ барысында ата-аналармен жасөспірім кезеңіндегі психологиялық өзгерістер, жеке шекараны сақтау, эмоционалды қолдау көрсету және баланың ішкі күйін түсіну жолдарын ұғындыру.

3	7-9 класс ата-аналарына	«Жасөспірімдердің ұйқысы: оқу және мінез-құлыққа әсері» тақырыбында тренинг сабағы	7-9 класс ата-аналарына	Лицейдің 7-9 а,ә сынып ата-аналарына 11.10.2025ж. ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес «Жасөспірімдердің ұйқысы: оқу және мінез-құлыққа әсері» тақырыбында тренинг сабағы өтті. Сабақтың мақсаты: Сабақ барысы ата-аналарға ұйқы туралы мифтарды түсіндірумен басталды. Және жасөспірімнің ұйқы физиологиясы туралы шағын дәріс айтылды. Одан кейін ата-аналармен ұйқының бұзылу себептері анықталып, себеп салдарына тоқтап өттік..
4	10-11 класс ата-аналарына	«Болашаққа көзқарас: балаға өз әлеуетін ашуға қалай көмектесуге болады?» тақырыбында тренинг сабағы	10-11 класс ата-аналарына	Лицейдің 10-11 а,ә сынып ата-аналарына 11.10.2025ж. ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес «Болашаққа көзқарас: балаға өз әлеуетін ашуға қалай көмектесуге болады?» тақырыбында тренинг сабағы ұйымдастырылды. Сабақтың мақсаты: Сабақ барысында ата-аналармен жасөспірімнің қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау, кәсіби бағдар беру, ішкі мотивациясын арттыру және өз болашағына сеніммен қадам басуға қолдау көрсету жолдарымен таныстыру.
5	7-11 класс оқушыларына	«Қауіпсіз мектеп» акциясы аясында «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кездесу	7-11 класс оқушыларына	Лицейдің 7–11 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз мектеп» акциясы аясында «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Мақсаты: ◆ Оқушыларды тәртіпті болуға баулу; ◆ Құқықбұзушылыққа жол бермеу; ◆ Мектептің ішкі тәртіп ережесін және мектеп формасын қатаң сақтауға үйрету.
6	7-9 класс оқушыларына	«Зорлық зомбылыққа жол жоқ: шекаранды үйрен!» атты дәріс сабағы	7-9 класс оқушыларына	Лицейдің 7-9 а,ә сынып оқушыларымен 10.10.2025 ж. ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес «Зорлық зомбылыққа жол жоқ: шекаранды үйрен!» атты сабағы өтті. Сабақтың мақсаты: Жасөспірімдерде зорлық-зомбылық пен жеке шекара мәселесінің түсінігін қалыптастыру, олардың әлеуметтік жағдайларды сыни тұрғыдан бағалау қабілетін арттыру және өзін-өзі тиімді қорғау дағдыларын дамыту.
7	10-11 класс оқушыларына	«ЖЕКЕ ШЕКАРА ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ: КӨРЕМІН, ТҮСІНЕМІН, ӘРЕКЕТ ЕТЕМІН» атты дәріс сабақ	10-11 класс оқушыларына	Лицейдің 10 а,ә, 11 а,ә сынып оқушыларымен 9.10.2025 ж. ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес «ЖЕКЕ ШЕКАРА ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ: КӨРЕМІН, ТҮСІНЕМІН, ӘРЕКЕТ ЕТЕМІН» атты сабағы өтті. Сабақтың мақсаты: Жасөспірімдерде зорлық-зомбылық пен жеке шекара мәселесінің түсінігін қалыптастыру, олардың әлеуметтік жағдайларды сыни тұрғыдан бағалау қабілетін арттыру және өзін-өзі тиімді қорғау дағдыларын дамыту.
8	Лицей пед.ұжымына	«Бала қауіпсіздігі-басты назарда!» пед.ұжымға тренинг-сабақ	Лицей пед.ұжымына	Лицей пед.ұжымына 21.10.2025ж. «Бала қауіпсіздігі басты назарда!» тақырыбында тренинг сабақ ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың білім алу барысындағы өмір қауіпсіздігі мен жайлы тәрбие мен білім алуды қамтамасыз ету, жағдай жасау, алдын-алу.
9	Лицей пед.ұжымына	«БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ – ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ» дәріс сабақ	Лицей пед.ұжымына	2025 жылдың қыркүйек айының 11-12 күндері буллингтің алдын алу және мұндай жағдайда балаға қолдау көрсету бойынша, буллингтің алдын алу мақсатында педагогтерге «БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ – ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ» тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырылды.
10	«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» /ата – аналар, мұғалімдер/	«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» аясындағы ата-аналармен кездесу	• Ата –аналар- 118 • Мұғалімдер - 27	Әр тоқсан сайын ұйымдастырылып тұратын бұл шараға ата-аналар белсенділік танытып келіп тұрады. Дәстүрлі бұл шарада ата-ана баласының сабақ үлгерімін, тәлім-тәрбиесін, лицей ахуалымен танысып, сұхбаттасып, жылы лебіздерін білдіріп,үлкен әсерде болады.

- **Кеңес беру бағытында** топтық және жекеленген оқушыларға, ата – аналар мен ұстаздарға ұсыныстар беріліп, оқу – тәрбие бағытында оң нәтижелі көрсеткішке жетуде педагогикалық – психологиялық қолдау уақытылы көрсетілді.

• **Ұйымдастыру – әдістемелік жұмыстар бойынша мәлімет:**

Ұйымдастырушы – әдістемелікжұмыстар	Тақырыбы	Саны
Білім жетілдіру курстары	1. Қазақстандық балалар психологтары мен нейропсихологтар қауымдастығы «Бала психологиясы негіздері» 120 сағаттық біліктілікті арттыру курсы, Алматы қаласы, 14.06.2025ж. № 000096	1
Облыстық тамыз конференциясы Спикері	1. «Халықаралық Педагогика Академиясы» халықаралық қоры, «Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығы «Дарынды балалармен жұмыс заманауи білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыру факторы ретінде» Халықаралық тамыз конференциясының ЖИНАҒЫ. Ақтөбе қаласы, 2024ж.	1
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы «Ұлттық диктант»	1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі , Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ұйымдастыруымен өткен «Ұлттық диктант» жобасына қатысып, қазақ тілінің дамуына қосқан үлесіңіз үшін «Алғыс хат» , KZ-01630648356 23709 2025ж.	1
Қаржы министрлігі Заң мен тәртіп Қауіпсіз Қазақстан үшін	1. Қаржы қауіпсіздігі бойынша республикалық диктант «Жеңімпаз дипломы», «Қатысушы сертификаты» 15.10.2025ж.	1
Оқушы жетістігі	1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ ұйымдастыруымен «мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумында «Менің кәсібім-менің бизнесім» бизнес-жоба байқауының жеңімпазы Мухтубаев Али I дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана қаласы, 2025жылғы тамыз, Д - 04994	1

Психолог К.К.Жантукенова